

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағының шекарасын белгілеу және олардағы жерді пайдалану режимін айқындау туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2010 жылғы 02 маусымдағы № 164 Қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 шілдеде № 1750 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №366 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 29.12.2014 №366 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне сәйкес, Жамбыл облысы бойынша жер комиссиясының 2010 жылғы 19 мамырдағы № 4 қорытындысы негізінде Жамбыл облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынып қойылмай осы Қаулының 1-қосымшасына сәйкес "

Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағының шекарасы белгіленсін.

2. "Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі осы Қаулының 2-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы Қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Кәрім Насбеқұлы Көкрекбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі	Қ.Бозымбаев
-------------	-------------

Жамбыл облысы әкімдігінің
2010 жылғы маусымдағы
№ 164 Қаулысына 1 - қосымша

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағының шекарасы

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл облысы әкімдігінің
2012.01.26 № 34 қаулысымен**

№	Аудан	Күзету аймағына кіретін алаң, га	Ауыл шаруашылық алқаптары, га	Оның ішінде		
				егістік		көп жылдық екпелер, га
				барлығы, га	суармалы, га	
1	Байзақ ауданы	384,92	367,28	257,01	121,47	4,43
2	Жамбыл ауданы	361,30	346,71	94,97	41,92	
3	Жуалы ауданы	333,55	330,23	204,81		
4	Қордай ауданы	542,81	540,29	62,34		
5	Меркі ауданы	348,40	345,64	118,81	50,78	
6	Т. Рысқұлов ауданы	878,77	878,11	512,57		
7	Шу ауданы	922,39	917,88	376,98	45,44	8,88
	Барлығы	3772,14	3726,14	1627,49	259,61	13,31

кестенің жалғасы:

№	Аудан	Оның ішінде		қоныстану аймағы, га	бөгде жер, га
		шабындық, га	жайылым, га		
1	Байзақ ауданы	0,91	104,94	2,73	14,90
2	Жамбыл ауданы	21,55	230,19		14,59
3	Жуалы ауданы	2,06	123,36		3,32
4	Қордай ауданы	0,78	477,17		2,52
5	Меркі ауданы	1,56	225,27		2,76
6	Т. Рысқұлов ауданы		365,54		0,66
7	Шу ауданы	4,82	527,19		4,51
	Барлығы	31,68	2053,66	2,73	43,26

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарының шекарасы

№	Аудан	Күзету аймағына кіретін алаң, га	Ауыл шаруашылық алқаптары, га	Оның ішінде	
				егістік барлығы, га	суармалы, га
1	Жамбыл ауданы компрессорлық станция - 3	17,51	17,51		
	тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 3	5,79	5,79		
2	Т. Рысқұлов ауданы компрессорлық станция - 4	19,48	19,48	19,48	
	тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 4	5,69	5,69	5,69	
3	Шу ауданы компрессорлық станция - 5	19,52	19,52	18,38	3,32
	тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 5	5,53	5,53	5,03	0,04

Барлығы	73,52	73,52	48,58	3,36
---------	-------	-------	-------	------

кестенің жалғасы:

№	Аудан	Оның ішінде			қоныстану аймағы, га	бөгде жер, га
		көп жылдық екпелер, га	шабындық, га	жайылым, га		
1	Жамбыл ауданы компрессорлық станция - 3 тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 3			17,51		
2	Т. Рысқұлов ауданы компрессорлық станция - 4 тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 4			5,79		
3	Шу ауданы компрессорлық станция - 5 тазарту құрылғыларын жіберу-қабылдау торабы - 5			1,14		
	Барлығы			0,50		
				24,94		

Жамбыл облысы әкімдігінің
2010 жылғы маусымдағы
№ 164 қаулысына 2 - қосымша

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолының күзет аймағындағы жерді пайдалану режимі

Құбыр жолдарының күзет аймағында әр түрлі іс-әрекеттерді, газ құбырларын пайдалануда әдеттегідей қуатты бұзылуын немесе олардың бөліктеріне зиян келтіруін болдырмау мақсатында жерді пайдалану режимі сақталуы тиіс.

"Қазақстан-Қытай" магистральды құбыр жолдарының күзет аймақтарының шегінде:

1) бақылау-өлшеу пункттерін, айыратын және сигнал белгілерін сындыруға және басқа жерге қоюға, көмуге;

2) әр түрлі тектегі қоқыс тастайтын жерге айналдыруға және сілтілер, ертінді қышқылдарын төгуге;

3) от қоюға, от көздерін ашуға немесе жабуға жол берілмейді.

Газ құбыры кәсіпорнының рұқсатынсыз:

1) кез-келген құрылымдар мен құрылыстарды шығаруға;

2) ағаштар және тал-шыбықтардың барлық түрлерін отырғызуға, жемдерді, тыңайтқыштарды, материалдарды, шөп және сабандарды атқораларды орналастыруға, мал ұстауға, балық аулайтын учаскелерді бөлуге, балық шығаруды жүргізуге, мұзды жаруды және дайындауды жүргізуге;

3) газ құбырлары трассасы арқылы өтуге және жол салуға, автокөлік тұрақтары мен тракторлар және механизмдер салуға, бақтар мен бау-бақшалар орналастыруға;

4) мелиорациялық жер жұмыстарын, келтіру жүйелері мен суару жүйелерін жүргізуге;

5) жинақтау және жару жұмыстарын, топырақ жоспарлауға, құрылыс, көтеру

және ашу, әр түрлі тектегі жұмыстарды жүргізуге;

б) геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздестіру, геологиялық және де басқада іздестіру жұмыстарын, ұңғыларды орналастырумен байланысты, тік қазулар және топырақ сынабасын алуды жүргізуге (топырақ үлгілерінен басқада) болмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК